

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 05 сәуірдегі N 718 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 16 сәуірде N 4244 тіркелді. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Қызылорда облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 10 тамыздағы N 13-11/2962 Хатымен.

Ескерту. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Қызылорда облысы әкімі аппаратының 2011.08.10 N 13-11/2962 Хатымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығына және "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ, оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрамда облыстық шақыру комиссиясы, сондай-ақ, 2-қосымшасына сәйкес құрамда қосалқы комиссия құрылсын.

2. Қоса берілген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

3. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдері 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын.

4. "Қызылорда облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі

әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салу күндерінде әскерге шақырылған жастар алдында көркем өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдардың концерттерін, шақыру кезеңінде "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі жанындағы облыстық жиын пунктінде әскери-патриоттық тақырыптардағы көркем-суретті және деректі фильмдерді көрсетуді ұйымдастырсын.

5. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыстық шақыру комиссиясы құрамында облыстық медициналық комиссиясын құрсын.

6. "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" (келісім бойынша), "Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөлімі" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелеріне көпшілік шоғырланатын орындарда және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында жол полициясы инспекторларын, патрульдік автокөліктердің және полиция нарядтарының қажетті санын бөлу ұсынылсын.

7. "Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен дүлей зілзалдардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтардың әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастыру үшін облыстық жиын пунктін дәрі-дәрмекпен, құрал-жабдықпен, азық-түлікпен және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ, байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

8. "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" (келісім бойынша), "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" (келісім бойынша), "Қызылорда стансасындағы желілік ішкі істер бөлімі" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелеріне, сондай-ақ, аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдеріне, "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты 2010 жылдың 10 шілдесіне және 2011 жылдың 15 қаңтарына облыс әкіміне беру ұсынылсын.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің
міндетін атқарушы М. Алдоңғаров

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының ішкі
істер департаменті" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____ Ә. Әбжанов

2010 жылғы "5" 04

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының қорғаныс

істері жөніндегі департаменті"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- К. Саутбеков

2010 жылғы "___" _____

"К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда стансасындағы желілік
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
----- Қ. Тлеуқабылов

2010 жылғы "5" 04

Қызылорда облысы әкімдігінің
2010 жылғы "05" сәуірдегі N 718
қаулысына 1-қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының құрамы

| | | |
|-----------------------------------|---|--|
| Саутбеков Калиолла Нұрланұлы | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша); |
| Жылқайдаров Әмірқұл Романқұлұлы | - | "Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары; |
| Комиссия мүшелері: | | |
| Мұяттов Бақыт Жолшыұлы | - | "Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |
| Искакова Нәллія Набиқызы | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің тәрбие, әлеуметтік және психологиялық жұмыстары бөлімінің аға әскери маманы - психолог (келісім бойынша); |
| Ршауов Мыңділда Сағидуллаұлы | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |
| Ешмуратов Ербол Қуанышович | - | "Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының көмекшісі - дәрігер (медициналық комиссияның төрағасы) (келісім бойынша); |
| Жылқыбаева Динара Қадырбергенқызы | - | "Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің аяжаны, комиссия хатшысы. |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2010 жылғы "05" сәуірдегі N 718
қаулысына 2-қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының қосалқы құрамы

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

